

**А.М. Жакьянова\*** , **К.Ч. Байсултанова** 

Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар  
және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан  
\*e-mail: zhakiyanova.a@ablaikhan.kz

## **ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ГЕОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ФРАНЦИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯСЫ**

Аталған мақалада, Орталық Азия кеңістігіндегі геоэкономикалық трансформация жағдайында Францияның Қазақстандағы экономикалық дипломатиясы жан-жақты талданады. Қойылып отырған мәселе әлемдік экономиканың санкциялық фрагментациясымен, жаһандық жеткізу тізбектерінің қайта құрылуымен және сауда-логистикалық бағыттардың өзгеруімен байланысты. Зерттеу барысында Орталық Азияның Еуропа мен Азия арасындағы стратегиялық өзара іс-қимыл аймағы ретіндегі рөлі және Қазақстанның, әсіресе Транскаспий халықаралық көлік бағыты (Middle Corridor) аясында, негізгі транзиттік және инвестициялық хаб ретіндегі маңызы ерекше атап өтіледі.

Зерттеудің мақсаты, 2022 жылдан кейінгі кезеңдегі Францияның Қазақстанға қатысты экономикалық дипломатиясының негізгі бағыттары мен құралдарын анықтау, сондай-ақ оның аймақтық деңгейдегі стратегиялық маңызын бағалау болып табылады. Зерттеу барысында ресми құжаттар, тікелей шетелдік инвестициялар жөніндегі статистикалық деректер, француз компанияларының қызметі және стратегиялық мәлімдемелер талданады.

Зерттеу әдіснамасы негізінен сапалы case study, құжаттық талдау, статистикалық және контент-талдау сияқты әдістерді қамтиды. Нәтижелер Францияның экономикалық дипломатиясы Қазақстанда шикізаттық және жекелеген жобаларға негізделген өзара іс-қимылдан инфрақұрылым, жасыл энергетика, өнеркәсіптік кооперация және өңірлік қосылған құн тізбектеріне интеграцияланған стратегиялық әріптестік моделіне қарай эволюцияланып жатқанын көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми құндылығы Францияның экономикалық дипломатиясын Орталық Азиядағы геоэкономикалық өзгерістер контекстінде кешенді талдауда жатыр. Алынған нәтижелердің практикалық маңызы – оларды сыртқы экономикалық саясатты, инвестициялық ынтымақтастықты және халықаралық жобаларды жоспарлау барысында қолдану мүмкіндігі.

**Түйін сөздер:** экономикалық дипломатия, Франция-Қазақстан қатынастары, Орталық Азия, Middle Corridor, геоэкономика.

A.M. Zhakyanova\*, K.Ch. Baisultanova  
Kazakh Ablai Khan University of International Relations  
and Foreign Languages, Almaty, Kazakhstan  
\*e-mail: zhakiyanova.a@ablaikhan.kz

### **France's Economic Diplomacy in Kazakhstan amid the Geo-economic Transformation of Central Asia**

This article examines France's economic diplomacy in Kazakhstan in the context of Central Asia ongoing geo-economic transformation driven by global sanctions fragmentation, the restructuring of international supply chains, and the reconfiguration of trade and logistics routes. Particular attention is paid to the growing strategic role of Central Asia and to Kazakhstan's position as a key transit, investment, and institutional hub linking Europe and Asia, especially within the framework of the Trans-Caspian International Transport Route (Middle Corridor).

The aim of the study is to identify the main directions, instruments, and features of France's economic diplomacy in Kazakhstan after 2022 and to assess its role in advancing both national and EU-level economic interests in the region. The research focuses on institutional mechanisms, foreign direct investment flows, the involvement of French companies in infrastructure and industrial projects, and the normative dimension of France's external economic strategy.

The methodology combines a qualitative case study approach with the analysis of official policy documents, statistical data on foreign direct investment and trade, and content analysis of strategic statements. The findings demonstrate that France's economic diplomacy in Kazakhstan has evolved from

partnership focused on infrastructure development, industrial cooperation, sustainable energy, and integration into regional value chains.

The study contributes to the academic literature by offering a comprehensive analysis of France's economic diplomacy in Kazakhstan under conditions of geo-economic instability. Its practical relevance lies in providing insights for policymakers and practitioners involved in external economic strategy, investment promotion, and international cooperation.

**Keywords:** economic diplomacy, France-Kazakhstan relations, Central Asia, Middle Corridor, geo-economics.

А.М. Жакьянова\*, К.Ч. Байсултанова

Казахский университет Международных отношений и мировых языков  
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

\*e-mail: zhakiyanova.a@ablaikhan.kz

### Экономическая дипломатия Франции в Казахстане в период геоэкономической трансформации Центральной Азии

В данной статье рассматривается экономическая дипломатия Франции в Казахстане в условиях геоэкономической трансформации Центральной Азии, обусловленной санкционной фрагментацией мировой экономики, изменением конфигурации глобальных цепочек поставок и переориентацией торгово-логистических маршрутов. Особое внимание уделяется роли Центральной Азии как стратегического пространства взаимодействия между Европой и Азией и роли Казахстана как ключевого транзитного, инвестиционного и институционального узла, в контексте формирования Среднего коридора (Trans-Caspian International Transport Route).

Целью исследования является выявление основных направлений, инструментов и особенностей экономической дипломатии Франции в Казахстане после 2022 года, а также оценка её роли в продвижении французских и общеевропейских экономических интересов в регионе. В работе анализируются институциональные механизмы, инвестиционная активность, участие французских компаний в инфраструктурных и промышленных проектах, а также нормативное измерение французской внешнеэкономической политики.

Методология исследования основана на качественном case study, анализе официальных документов, статистических данных по прямым иностранным инвестициям и внешней торговле, а также контент-анализе стратегий и заявлений. Основные результаты показывают, что экономическая дипломатия Франции эволюционирует от преимущественно ресурсного и проектного взаимодействия к модели стратегического партнёрства, ориентированной на инфраструктуру, устойчивую энергетику, промышленную кооперацию и интеграцию в региональные цепочки добавленной стоимости.

Научная новизна исследования заключается в комплексном анализе французской экономической дипломатии в Казахстане в контексте геоэкономических изменений Центральной Азии. Практическая значимость работы состоит в возможности использования полученных выводов при разработке внешнеэкономических стратегий, положений инвестиционной политики и механизмов международного сотрудничества.

**Ключевые слова:** экономическая дипломатия, Франция и Казахстан, Центральная Азия, Middle Corridor, геоэкономика, инвестиции.

## Кіріспе

Ресей мен Украина арасындағы әскери қақтығыс, әлемдік экономиканың санкциялық саясаты, халықаралық жеткізу тізбектерінің өзгеруіне және сауда-логистикалық бағыттардың қайта бағдарлануына негізделген әлемдегі тереңдеп бара жатқан жаһандық өзгерістер жағдайында экономикалық дипломатия мемлекеттердің экономикалық қауіпсіздігі мен стратегиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету құралы ретінде ерекше маңызға ие болады. Қазіргі заманғы халықаралық күн тәртібінде экономикалық дипломатия сыртқы саясаттың көмекші элементі

ретінде ғана емес, ұлттық экономикалық мүдделерді ілгерілетудің дербес тетігі ретінде де жиі қаралады. Бұл мәселе әртүрлі өңірлердегі нарықтар арасындағы байланыстырушы рөлді өзіне алатын елдер үшін ерекше өзекті болып отыр. Ал Қазақстан Республикасы мұндай елдер арасында маңызды орын алады.

Орталық Азияның әлемдік аренадағы рөлінің артуына байланысты, әлемдік тәртіпті трансформациялау кезеңінде зерттеудің өзектілігі туындайды. Өңір, әлемдік жетекші акторлардың сыртқы экономикалық стратегияларының басты бағыттарының біріне айналса, ал Қазақстан елеулі шикізат базасына, дамып келе жатқан

транзиттік-логистикалық әлеуетіне байланысты және «Бір белдеу – бір жол» қытайлық бастамасы және Транскаспий халықаралық көлік бағыты (Middle Corridor) сияқты көпжақты бастамаларға қатыса отырып, өңірдегі жетекші ойыншы ретінде көрінеді. 2022 жылдан кейін Еуропалық одақ мемлекеттері тарапынан ОА елдеріне қызығушылық артты, бұл ретте Қазақстандағы экономикалық дипломатияның француздық кейсін талдау халықаралық қатынастарға белгілі бір үлес қосады.

Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатының элементі ретінде Францияның экономикалық дипломатиясы зерттеу нысаны болып табылады. Зерттеудің мәні, Орталық Азияның геэкономикалық трансформациясы жағдайында Францияның Қазақстандағы экономикалық дипломатиясын іске асырудың институционалдық тетіктері, құралдары мен бағыттары болып табылады.

Геэкономикалық тұрақсыздық жағдайында Францияның Қазақстандағы экономикалық дипломатиясының ерекшеліктерін, бағыттары мен тиімділігін айқындау бойынша алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мақалада бірқатар міндеттер белгіленген. Ең бірінші геэкономикалық трансформация жағдайында экономикалық дипломатияны зерделеудің теориялық тәсілдерін талдау; Францияның және Еуропалық одақтың сыртқы экономикалық стратегиясында Қазақстанның орнын айқындауға; Франция мен Қазақстанның инвестициялық және жобалық ынтымақтастығының серпінін зерттеуге; француз экономикалық дипломатиясының негізгі құралдары мен институционалдық тетіктерін анықтау, сондай-ақ санкциялық фрагменттеудің және Орта дәлізді дамытудың өңірдегі француз стратегиясын трансформациялауға әсерін бағалау.

Зерттеу шеңберінде мынадай зерттеу сұрақтары қойылған: 2022 жылдан кейінгі геээкономикалық өзгерістер Францияның Қазақстандағы экономикалық дипломатиясына қалай әсер етті; экономикалық дипломатияның қандай құралдарын Франция Қазақстанда жаңа геээкономикалық жағдайларда өз мүдделерін ілгерілету және ірі державалардың Орталық Азияға қызығушылығының артуы үшін пайдаланады.

Жұмыс гипотезасы ретінде 2022 жылдан кейін Францияның Қазақстандағы экономикалық дипломатиясы басым түрде ресурстық және жобалық-бағдарланған өзара іс-қимылдан инвестициялық, инфрақұрылымдық, нормативтік

және беделді құралдардың үйлесіміне негізделген «middle power diplomacy» стратегиялық серіктестігінің неғұрлым кешенді моделіне қарай дамиды деген болжам ұсынылады.

Зерттеудің қайнар көзі ретінде Франция Еуропа және Сыртқы істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің, Еуропалық одақ институттарының ресми құжаттары, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және Ұлттық статистика бюросының статистикалық деректері, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың есептері (OECD, IMF, Astana International Forum) пайдаланылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі, кейс-стади, салыстырмалы-талдамалық тәсілді, стратегиялық құжаттар мен ресми мәлімдемелерді контент-талдауды, сондай-ақ тікелей шетелдік инвестициялар мен сыртқы экономикалық көрсеткіштер бойынша деректерді статистикалық талдауды қамтиды. Әдістердің осы жиынтығы зерттеліп отырған мәселені кешенді және дұрыс талдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Орталық Азияның геээкономикалық трансформациясы контекстінде Қазақстандағы Францияның экономикалық дипломатиясын жүйелі талдаудан тұрады. Жұмыстың практикалық маңыздылығы сыртқы экономикалық стратегияларды, инвестициялық саясатты және халықаралық экономикалық ынтымақтастық тетіктерін әзірлеу кезінде алынған қорытындыларды пайдалану мүмкіндігінен тұрады.

### Зерттеу әдістері

Қазақстандағы Францияның экономикалық дипломатиясын кешенді талдау үшін Орталық Азияның геээкономикалық трансформациясы кезеңінде халықаралық қатынастар теориясы шеңберіндегі өзара толықтырушы тәсілдер жиынтығы болып табылатын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі қалыптастырылды. Негізгі тұжырымдамалық негіз геээкономикалық тәсіл болып табылады, оның шеңберінде экономикалық құралдар – инвестициялар, инфрақұрылымдық жобалар, логистикалық дәліздер және нормативтік стандарттар стратегиялық ықпал етудің және мемлекеттердің әлемдік экономиканы фрагменттеуге бейімделуінің элементтері ретінде қарастырылады (Luttwak, 1990; Blackwill & Harris, 2016).

Қазақстан мен Францияның экономикалық дипломатиясын байланыстарды әртараптандыру

арқылы жаһандық күш орталықтарынан дербестікке ұмтылатын субъектілердің стратегиялық өріптестігі ретінде түсіндіруге мүмкіндік беретін «Middle Power Theory» орта державалар теориясы қосымша теориялық өлшем болып табылады. Елдердің өзара іс-қимылы энергетикалық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы «маманданған дипломатияға» назар аударады, онда экономикалық жобалар (Middle Corridor, Француз даму агенттігі (AFD), Total, Areva, Alstom, Vicat, Airbus, Lactalis KATCO) олардың геосаяси субъектілігі мен халықаралық тұрақтылығы нығайту құралы болып табылады (Charnick, 99).

Францияның және Еуропалық одақтың экономикалық дипломатиясын қалыптастырудағы халықаралық институттардың, ережелер мен режимдердің рөлін, сондай-ақ олардың Қазақстанмен кооперацияға әсерін талдау үшін либералдық институционализм қолданылды (Keohane, R. o. (1984). *After Hegemony: Cooperation and Discord in the World Political Economy*. Princeton University Press. 303 p. // Nye J.S. *Soft power: the evolution of a concept* // *Journal of Political Power*. – 2021. – № 3 – P.1-12.). Француз компанияларының инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобаларға қатысуын және Қазақстанның өңірлік және жаһандық өндірістік желілерге ықпалдасуын бағалау үшін қосымша құнның жаһандық тізбектерінің теориясы (GVC) пайдаланылды (Gereffi, Humphrey & Sturgeon, 2005). Gary Gereffi John Humphrey Timothy Sturgeon 2005 *The Governance of Global Value Chains Review of International Political Economy* 12(1):78–104-78–104 DOI: 10.1080/09692290500049805.

Мемлекеттердің тұрақтылығын нығайту құралы ретінде түсіндіруде экономикалық қауіпсіздік тұжырымдамасы экономикалық дипломатияны стратегиялық тәуекелдерді төмендету, жеткізу тізбектерін әртараптандыру және геэкономикалық тұрақсыздық жағдайында мүмкіндік береді (Baldwin D. *the concept of security*// *Review of International Studies*. 1997. Vol. 23. P. 5–26. Nye J.S. (1974). *Collective economic security*. *International Affairs*. Vol. 50. No. 4. P. 584–598.).

Геэкономикалық трансформация жағдайында Францияның Қазақстандағы экономикалық дипломатиясының ерекшеліктерін кешенді талдауға мүмкіндік беретін осы зерттеу сапалық-сандық көрсеткіштерді талдауға негізделген. Кейсік зерттеу тәсілі Франция мен Қазақстан

Республикасының екіжақты байланыстарына назар аудару тұрғысынан негізгі әдіснамалық негіз ретінде көрініс табады.

Зерттеу шеңберінде ресми құжаттар мен материалдарға контент-талдау жүргізілді, бұл Францияның экономикалық дипломатиясының Қазақстанға қатысты институционалдық басымдықтары мен құралдарын анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ осы әдістің көмегімен ресми мәлімдемелер мен стратегиялық құжаттар, соның ішінде дипломатиялық ведомстволардың баспасөз хабарламалары мен салалық агенттіктердің материалдары талданады, мысал ретінде Business France қарастырсақ болады.

Екі елдің экономикалық өзара іс-қимылындағы ұзақ мерзімді үрдістер мен құрылымдық өзгерістерді анықтауда, сандық талдауды қолданудың мүмкіндігі бар. Бұл ретте тікелей шетелдік инвестициялардың серпінін, екіжақты сауда көрсеткіштерін және түйінді инвестициялық жобалар туралы ақпаратты қоса алғанда, макроэкономикалық деректерді статистикалық талдауға айтарлықтай назар аударылды.

Зерттеудің сараптамалық тереңдігін арттыру үшін 2022 жылға дейінгі және одан кейінгі кезеңдерді салыстыруға негізделген салыстырмалы-талдамалық тәсіл қолданылды, бұл геосаяси күйзелістер мен санкциялық шектеулердің Францияның Қазақстандағы экономикалық дипломатиясының өзгеруіне әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеудің белгіленген әдістері халықаралық ортадағы өзгерістер мен сыртқы экономикалық стратегиялардың басымдықтары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтауды қамтамасыз етеді.

### Әдебиеттерге шолу

XX ғасыр бойы өзгермелі халықаралық шынайылық, институционалдық қайта құрулар және сыртқы экономикалық байланыстарды реттеудегі мемлекеттің рөлінің артуы жағдайында Францияның экономикалық дипломатияның тетіктері мен құралдарын айқындау жөніндегі сыртқы саяси қызметі қалыптасты. Коммерциялық мүдделерді дипломатиялық практикаға ықпалдастыру әрекеттерінен бастап мамандандырылған органдарды институционалдандыру мен жаһандану сын-қатерлеріне бейімделуге дейін мұндай даму жолынан Францияның экономикалық дипломатиясы өтті. Л. Бадель (2006) тұжырымдамалық және тарихи-институционалдық

талдау негізінде экономикалық дипломатияны, оның функцияларын, бизнеспен өзара іс-қимыл жасау форматтарын және елдің сыртқы экономикалық мүдделерін қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлін институционалдық ресімдеудің эволюциясын ұсынды. Й. Дутрио дипломатиялық қызметтің практикалық тәжірибесіне және мемлекеттік сарапшының талдамалық көзқарасына сүйене отырып, үш негізгі кезенді атап көрсетеді, атап айтқанда, пайда болу (*naissance*), көтерілу және институционалдандыру (*essor*), сондай-ақ қазіргі заманғы сын-қатерлер мен қиындықтар (*difficultés*) (Doutriaux, 2021). Өз жұмысында «Экономикалық дипломатия. Дипломат және нарық», Ги Каррон де ла Каррьер (2003) бәсекеге қабілеттілік, инвестициялар тарту және халықаралық аренада француз мүдделерін ілгерілету мәселелерін қоса алғанда, дипломатия мен экономика арасындағы өзара қарым-қатынас эволюциясын меркантилизмнен бастап қазіргі заманғы нысандарға дейін қарастырады.

Зерттеушілер мемлекеттік мүдделер мен нарықтық экономика логикасының тоғысында тұрған экономикалық дипломатияның екі жақты табиғатын мойындайды. Оларды түсіндіруде экономикалық дипломатия ұлттық экономикалық мүдделерді ілгерілету құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар түрлі мемлекеттік құрылымдар, дипломатиялық тетіктер мен бизнес-акторлар арасындағы шиеленісті өзара іс-қимыл алаңы ретінде де көрініс табады.

Бастапқыда тұрақты дамуды, өңірлік байланыстылықты және цифрландыруды қоса алғанда, ЕО-ның нормативтік күн тәртібін ұзақ мерзімді экономикалық және институционалдық басымдықтармен үйлестірген ЕО-ның Орталық Азияға арналған стратегиясы «принципті прагматизм» тұжырымдамасына негізделген болатын (European Commission & High Representative of the Union for Foreign Affairs and Security Policy, 2019). Осы стратегия шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық Орталық Азия елдерінің еуропалық стандарттар мен экономикаға біртіндеп кірігуіне бағдарланған эволюциялық процесс ретінде қаралады.

Сонымен қатар кейінгі зерттеулер ЕО саясатының сапалы өзгерісін байқаған. 2021 жылдан бастап Global Gateway стратегиясын іске асыру Еуропалық одақтың жүйелі геоэкономикалық саясатқа көшуін куәландырады, онда өңірді дамыту инфрақұрылымдық міндет ретінде ғана емес, ЕО-ның ұзақ мерзімді экономика-

лық қауіпсіздігі мен стратегиялық дербестігінің құралы ретінде де қарастырылады (Global Gateway, 2025). Бұл ретте Қазақстан ЕО-ның Орталық Азиядағы негізгі тірек әріптесі рөлін бекіте отырып, транзиттік, инвестициялық және ресурстық торап қызметін атқарады. Оның үстіне, Орталық Азиямен экономикалық ынтымақтастық жаңа контексте European Parliamentary Research Service (2024) сараптамалық баяндамасында көрініс тапты. Мысалы, итальяндық зерттеуші L. Ianziotti (2016) жұмысында ХХІ ғасырда экономикалық дипломатия мемлекетті, бизнесті, халықаралық институттар мен мемлекеттік емес акторларды үйлестірудің күрделі жүйесі арқылы іске асырылатыны көрсетілген, бұл ретте мемлекет стратегиялық және институционалдық үйлестіруші функцияны сақтай отырып, сыртқы экономикалық әсерге монополияны жоғалтады. Автор экономикалық қауіпсіздікке негізделген экономикалық дипломатияның өзгеруі әлемдік экономиканың тұрақсыздығы жағдайында нарықтарға, ресурстарға, инвестициялар мен логистикалық бағыттарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге негізделетінін баса айтады.

Сыртқы істер министрі Л. Фабиустың 2012 жылғы бағдарламалық сұхбатын экономикалық дипломатияға байланысты сыртқы саяси қызметті реформалаудың басталуы деп санауға болады. Лоран Фабиус атап өткендей, Францияның дипломатиялық қызметі ұлттық экономикалық мүдделерді ілгерілетуге, экспортты қолдауға және француз компанияларының халықаралық бәсекеге қабілеттілігіне тікелей бағытталуы тиіс (Fabius, 2012). Бұл ұстаным француз сыртқы саясатындағы экономикалық дипломатияның институционалдануын көрсетеді.

Неғұрлым кең перспективада Францияның экономикалық дипломатиясы сыртқы саясаттың институционалдық ресімделген және «үнемделген» практикасы ретінде қарастырылады, оның шеңберінде Сыртқы істер министрлігі мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке акторларды біріктіретін «l'équipe de France» тұжырымдамасы арқылы әрекет ете отырып, үйлестіруші функцияны орындай бастады. Р.О. Райнхардт атап өткендей, француз моделі экспортты, технологияларды және инвестицияларды халықаралық бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторы ретінде ілгерілетуге бағытталған (Райнхардт, 2017).

Жекелеген зерттеулер Францияның сыртқы экономикалық стратегиясында ғылыми дипломатияның рөлі артып келе жатқанын көрсетеді. Ғылымды, инновацияларды және білім

беру байланыстарын пайдалану инвестициялық тартымдылықты арттыру, экспорттық бәсекеге қабілеттілікті қолдау және тұрақты серіктестік желілерді қалыптастыру тетігі ретінде қарастырылады (Шестопад, 2016).

Францияның Үндістанға қатысуы талданып француз экономикалық дипломатиясының салыстырмалы зерттеулері маңызды жұмыс болып табылады. Автор 2012 жылдан бастап, әсіресе Эммануэль Макронның президенттігі кезінде Франция экономикалық дипломатияның құралдарын «жаңа күш орталықтары» бағытында жүйелі түрде кеңейтіп, эпизодтық бастамалардан ұзақ мерзімді стратегиялық серіктестіктерге (Куватов, 2022) көшіп келе жатқанын көрсетеді.

Отандық зерттеулер Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық дипломатиясын талдаудың тұжырымдамалық негіздерін зерделеуге арналған (Байсултанова, 2023). Қ.Ш. Байсултанова олардың сыртқы нарықтарда ұлттық экономикалық мүдделерді ілгерілетудің институционалды, нормативтік және аспаптық тетіктерінің жиынтығы ретінде көрінетінін атап өтті. Қазақстан Республикасының Франциядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Г.М. Арыстанқұлованың жұмысында Францияның экономикалық дипломатиясы инвестициялар мен экономикалық жобаларды ілгерілетуге бағдарланған, мемлекеттік органдар мен бизнесті жоғары үйлестіруге негізделген сыртқы саясаттың институционалды тұрғыдан құрылған құралы ретінде қарастырылады. (Арыстанқұлова, 2019).

«The Diplomacy of President Tokayev» монографиясында Қазақстанның негізгі сауда және инвестициялық әріптесі ретіндегі ЕО рөліне ерекше назар аударылады. Қазақстанның экономикалық дипломатиясын талдау және еуропалық әріптестермен өзара іс-қимыл тұрғысында Қасым-Жомарт Тоқаевтың президенттігі кезінде іске асырылып жатқан, көпвекторлы, прагматизм және мүдделер теңгерімі қағидаттарына негізделген сыртқы саяси стратегияның маңызы зор. (KazISS, 2025).

Қазіргі заманғы отандық ғылыми кеңістікте зерттеушілер Г. Күзембаева мен Н. Ұзақбаев 2022 жылдан кейін ЕО тұтастай алғанда экономикалық және инфрақұрылымдық құралдарды пайдалануды күшейтіп, басты назарын «жұмсақ күш» құндылығынан экономика саласындағы практикалық тетіктерге қарай жылжытқанын атап өтті (Күзембаева, Ұзақбаев, 2025). Бұл жоспарда француз бағытына арналған зерттеулер белгілі бір теңгерімсіздікті анықтайды. Бір жа-

ғынан, Франция дәстүрлі түрде мәдени дипломатия, білім беру, туризм және ұлттық брендинг құралдары арқылы Орталық Азиядағы өзінің қатысуын құрды, бұл өңірдегі елдің тұрақты оң имиджін қамтамасыз етті (Диқанбаева, Сарыбаев, Уткелбай, 2025). Екінші жағынан, бұл модель оның экономикалық және саяси ықпалын шектеулі қабылдаумен қатар жүрді, бұл жаңа геэкономикалық жағдайларда француз стратегиясын трансформациялау туралы мәселені өзектендіреді.

Осылайша, 2019-2024 жылдар аралығында ЕО-ның Орталық Азиядағы саясаты көбінесе нормативтік-бағдарланған үлгіден геэкономикалық негізделген серіктестікке қарай дамыды, онда экономикалық дипломатия стратегиялық тұрақтылық және сыртқы тәуекелдерді төмендету құралы ретінде қарастырылады (European Parliamentary Research Service, 2024). Осылайша, Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы байланысты қамтамасыз етуге қабілетті негізгі транзиттік және инвестициялық торап ретінде ерекшеленеді. Ғылыми дискурста Францияның Қазақстандағы экономикалық дипломатиясын зерттеу үшін берік теориялық және эмпирикалық негіз қалыптасады, бірақ сонымен бірге Орталық Азияның геэкономикалық трансформациясы жағдайында инвестициялық серпінді, инфрақұрылымдық жобаларды және француз стратегиясының институционалды бейімделуін ескеретін жүйелі талдаудың жетіспеушілігі анықталады.

### *Экономикалық дипломатияның француз моделі*

Франция елдің сыртқы саясаты мен стратегиялық брэндінгінің жалпы архитектурасына интеграцияланған экономикалық дипломатияның жоғары институционалдандырылған және көп деңгейлі моделін құрды. Президент Э. Макронның басшылығымен экономикалық дипломатия Францияның егемендігін, бәсекеге қабілеттілігін және халықаралық ықпалын нығайтудың негізгі құралы ретінде қарастырылады.

Қазіргі заманғы француз сыртқы экономикалық стратегиясының тұжырымдамалық негізі Еуропаның стратегиялық автономиясы идеясы болып табылады, оның шеңберінде Франция Еуропалық одақтың өнеркәсіптік, технологиялық және қаржылық әлеуетін күшейтуді дәйекті түрде ілгерілетуде. Францияның экономикалық дипломатиясы сауда, инвестиция, орнықты даму, цифрлық экономика және ESG-реттеу са-

лаларында жалпыеуропалық ережелерді қалыптастырумен ұлттық мүдделерді ілгерілетуді үйлестіре отырып, айқын нормативтік сипатқа ие.

2010 жылы басталған Францияның сыртқы саясатының гуманитарлық бағытындағы реформасы оның экономикалық құрамдас бөлігіне айтарлықтай әсер етті. Аталған реформа түрлі көзқарастардан қызықты. Біріншіден, стратегиялық және жедел басқару органдары арасында бөлініс болды. Сыртқы істер министрлігі атынан DGM (Direction générale de la mondialisation, de la culture, de l'enseignement et du développement international – DGM) Сыртқы істер министрлігі әрбір оператормен жасасатын мақсаттар мен құралдар туралы келісімде тұжырымдалатын жұмыстың басымдықтары мен стратегиялық бағыттарын айқындайды 3 жылдан 5 жылға дейінгі кезеңге Францияның сыртқы саясатының гуманитарлық бағытына тартылған. Екіншіден, Сыртқы істер министрлігі олардың құзыреті мәдени, студенттік алмасуларға, француз тілін, бизнесті ілгерілетуге, дамушы елдерге көмек көрсетуге, сыртқы аудиовизуалдық саясатты іске асыруға, яғни мәдениет, білім, экономика министрліктері және т.б. салаларға таралғанына қарамастан, аталған операторларды басқаруда басты болып табылады. Үшіншіден, операторлар Сыртқы істер министрлігіне есеп беретін мақсаттар мен құралдар туралы келісімдер шеңберінде әрекет ететін дербес органдар болып табылады. Олардың жұмыс жоспарлары мен бюджеттік жоспарлауды айқындайтын басшы органдарына құзыретті министрліктер мен ведомстволардың өкілдері, тиісті комитеттерден келген парламентарийлер, сарапшылар қоғамдастығының өкілдері кіреді. Операторлардың қызметі Франция парламентінің екі палатасының құзыретті комиссияларының мерзімді баяндамаларының мәні болып табылады, ал Жаһандану жөніндегі бас дирекцияның директоры тұлғасындағы мемлекеттік комиссар Сыртқы істер министрі шешім қабылдағанға дейін басшы органдардың шешімдерін тоқтата тұруға құқылы (Левицкий, 2019:6).

Экономикалық дипломатияның институционалдық өзегі сыртқы саяси, сауда-экономикалық және инвестициялық бағыттар арасындағы үйлестіруді қамтамасыз ететін Еуропа істері және сыртқы істер министрлігі (МЕАЕ) болып табылады. Француз моделінің маңызды ерекшелігі дипломатиялық желіні экономикалық агенттіктермен, ең алдымен Business France, Bpifrance

және «La French Tech» француз стартап-экожүйесін дамыту жөніндегі ведомствоаралық бастамамен үндестіру болып табылады, бұл француз мүдделерін шетелде ілгерілетудің саяси, қаржылық және коммерциялық құралдарын біріктіруге мүмкіндік береді. Францияның тармақталған дипломатиялық желісі (160-тан астам шетелдік өкілдіктер) оның әлемдік экономиканың негізгі өңірлерінде тұрақты болуын қамтамасыз етеді (МЕАЕ, 2025).

Макроэкономикалық тұрғыдан алғанда, Франция ЖІӨ көлемі бойынша бірінші ондыққа кіріп, экономикалық құрылымның жоғары әртараптандырылуын сақтай отырып, әлемдегі ірі экономикалардың бірі болып қала береді.

Франция жобалар санын арттырып қана қоймай, олардың құрылымын жоғары қосылған құнға қарай мақсатты түрде жылжытуда. Өнеркәсіптік жобалар (15 жылдан астам) және ҒЗТҚЖ саласындағы жобалар бойынша көшбасшылық (2018 жылдан бастап) тартылатын инвестициялардың сапасын көрсетеді. Бұл жұмыс орындарын құрумен және сақтаумен (2024 жылы 37 787) байланысты, бұл тартымдылық саясатының (МЕАЕ, 2025) негізгі әлеуметтік-экономикалық индикаторы болып табылады. Жасанды интеллект, кванттық технологиялар, энергетика, агроөнеркәсіптік кешен сияқты стратегиялық секторлардағы жобалардың шоғырлануы Францияның технологиялық егемендікті және «жасыл» көшуді дамыту платформасы ретінде өзін көрсете алатынын көрсетеді.

Франция Еуропалық одақта тікелей шетелдік инвестицияларды (ТШИ) тарту саласында тұрақты және жүйелі бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Электр энергиясының 70% -ын қамтамасыз ететін ядролық энергетикаға инвестициялар көлемі газдың импортына тәуелділікті азайтып, Францияны төмен көміртекті трансформацияда көшбасшы етеді (Михальчук, 2025).

Инвестициялық өлшемде Франция бір мезгілде әлемдегі ірі реципиенттер мен тікелей шетелдік инвестицияларды экспорттаушылардың бірі ретінде әрекет етеді. TotalEnergies, Renault және LVMH-ді қоса алғанда, француздық трансұлттық корпорациялар елдің стратегиялық маңызды секторлар мен өңірлерге қатысуын қамтамасыз ете отырып, экономикалық дипломатияның негізгі бағыттаушылары болып табылады.

Францияның экономикалық дипломатиясының қазіргі заманғы басымдықтары сауданың

сандық өсуінен бәсекелестік артықшылықтардың сапалық күшеюіне құрылымдық ілгерілеуді көрсетеді. Оларға климаттық және энергетикалық дипломатия (сутегі экономикасын дамытуды қоса алғанда), цифрлық трансформация, green tech-ті қолдау және «Made in France» ұлттық брендині ілгерілету жатады. Бұл бағыттар өнеркәсіпті жаңғыртуға және болашақ технологияларына инвестициялауға бағдарланған France 2030 бағдарламасы шеңберінде институционалдық тұрғыдан бекітілген. «Франция 2030» бағдарламасы компаниялардың, мектептердің, университеттер мен зерттеу ұйымдарының орнықты дамуға табысты көшуін қамтамасыз ету үшін 54 миллиард еуро мөлшеріндегі инвестицияларды көздейді (МЕАЕ, 2025).

Францияның экономикалық дипломатиясының құқықтық базасы ЕО мен Дүниежүзілік сауда ұйымы (WTO) шеңберіндегі ұлттық заңнама мен міндеттемелердің қиылысында қалыптасады. Францияның тұрақты даму, сандық сауда және деректерді қорғау саласындағы нормативтерді әзірлеуге белсене қатысуы оның экономикалық ғана емес, нормативтік көшбасшы ретіндегі рөлін күшейтеді. Осы тұрғыда Францияның экономикалық дипломатиясы ұлттық мүдделерді ілгерілету және еуропалық ережелерді жаһандық деңгейде институционалдандыру сияқты қосарлы функцияны атқарады.

Тұтастай алғанда, Францияның экономикалық дипломатиясы кешенді, институционалдық орнықты және стратегиялық бағдарланған модель болып табылады, онда мемлекеттік реттеу, нарықтық тетіктер мен нормативтік ықпал ұштастырылады. Бұл модельдің негізгі элементі екіжақты экономикалық дипломатия болып қала береді, оның аясында Франция жетекші әлемдік акторлармен де, басқа мемлекеттермен де өзара іс-қимылдың сараланған стратегияларын қалыптастырады. Бұл стратегиялар әріптестердің саяси, экономикалық және институционалдық ерекшеліктерін ескере отырып қалыптасады, бұл Парижде сыртқы экономикалық шешімдерді қабылдауда икемділік пен дербестікті сақтауға мүмкіндік береді.

Францияның экономикалық дипломатиясы бірқатар мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған (МЕАЕ, 2025):

- француз компанияларының сыртқы нарықтарға экспортын қолдау;

- жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін елге шетелдік инвестицияларды тарту;

- Францияның қорғаныс және шабуыл экономикалық мүдделерін ескере отырып, еуропалық және халықаралық нормативтік базаны бейімдеу;

- француз компанияларының, әсіресе стартаптардың белсенді қызметі туралы хабардар болуды арттыру.

Француз тәсілінің ерекшелігі сауданы ырықтандыруды, протекционизм элементтерін, инвестициялық бақылау мен инновациялық даму үшін ынталандыруды біріктіретін аралас құралдарды пайдалану болып табылады. Мұндай құралдар Францияға халықаралық ортаның тұрақсыздығына тиімді ден қоюға және сонымен бірге ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қолдауға мүмкіндік береді. Стратегияда экономикалық қауіпсіздік, ең алдымен стратегиялық секторларды – энергетиканы, ядролық өнеркәсіпті және қорғаныс-өнеркәсіп кешенін бақылау басты орын алады. Бұл саладағы үйлестіруді мамандандырылған мемлекеттік құрылымдар жүзеге асырады, бұл аса маңызды активтер мен технологиялық егемендікті қорғауды қамтамасыз етеді.

Осылайша, Францияның институционалдық құрылымы стратегиялық тұрғыдан сараланған жүйе болып табылады, онда экономикалық мақсаттарға негізгі бағыттарға мемлекеттік бақылауды сақтай отырып, дипломатиялық, гуманитарлық және коммерциялық ресурстардың барлық спектрін үйлестіріп пайдалану арқылы қол жеткізіледі.

#### ***Қазақстандағы француз экономикалық дипломатиясы***

Қазақстан мен Франция арасындағы қолда бар халықаралық келісімдер негізінде Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап экономикалық дипломатияны дамытудың негізгі кезеңдерін бөліп көрсетуге, оның халықаралық қатынастардағы рөлін айқындауға және дамудың жүйеленген хронологиясын беруге болады. Қазақстан мен Франция арасындағы дипломатиялық және экономикалық қатынастарды шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады (1-кесте).

**1-кесте**

*Қазақстан мен Франция арасындағы дипломатиялық және экономикалық қатынастардың қалыптасу кезеңдері (авторлар жасаған)*

I кезең (1992 – 2000)	II кезең (2001 – 2010)	III кезең (2011 – қазіргі уақыт)
Қатынастардың орнауы және институционализациялануы	Экономикалық және техникалық кооперацияның кеңеюі	Инновациялық ынтымақтастықтың тереңдеуі және өртараптандыру
